

**Өнеркәсіптегі ескертпелі санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау кезеңдері.
Құрылыстың өндірістік объектілерін
жобалаудың, жоспарлаудың және
салудың санитарлық-
эпидемиологиялық сараптамасы.**

Жоспар

- *Өнеркәсіптегі ескертпелі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау кезеңдері;*
- *Құрылыстың өндірістік объектілерін жобалау;*
- *Құрылысты жоспарлау;*
- *Құрылысты салудың санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасы.*

Өндірістік зерзаттардың құрылысы кезіндегі ССҚ (өндірістік, ауылшаруашылық және т.б.) төрт негізгі кезеңді қамтиды;

1. Құрылысқа жер участкесін бөлу келісімі.
2. Жобалауды бақылау, жобалық құжаттарды талдау кезінде күші бар санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелердің орындалуын санитарлық бақылау.
3. Салынып жатқан зерзатты құрылыс барысында санитарлық сақтық қадағалау.
4. Жаңа салынған және реконструкцияланған, пайдалануға тапсырылған зерзаттарды санитарлық бақылау

Санитарлық сақтық қадағалауды іске асыру кезінде санитарлық дәрігер келесі деректі құжаттарды басшылыққа алуы тиіс:

- ҚР Конституциясы (1995ж.)
- ҚР Кодексі "Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" (1997 ж. маусым)
- ҚР Заңы "Жер асты байлықтары және оларды пайдалану туралы " 1994
- Қаз.ССР Министрлер кабинетінің қаулысы 22.05.1991 жыл N 318. "Жобалық-сметалық құжаттарды келістіру, экспертиза реттілігі және аяқталған құрылыс объектілерін эксплуатацияға қабылдау үшін Мемлекеттік комиссияның құрылуы".

- ҚР Заңы "Еңбекті қорғау туралы"
- ҚНМЕ № 1.02.01.2007 "Құрылысқа жобалық құжаттың құрамы және келісілуі, бекітілуі, өңделуі реттілігі туралы нұсқау".
- ҚНМЕ № 1.03.06-2002 "Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар және имараттар құрылысын ұйымдастыру".
- «Өндіріс объектілеріне санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бұйрық №334
Өндіріс жабдықтарына қойылатын гигиеналық талаптар және технологиялық процессті ұйымдастырудың санитарлық ережелері.1.01.002.94.

Құрылысқа жер участкесін таңдау мен бөлу кезеңіне ССҚ негізгі мақсаты өнеркәсіптің орналасу орнына бірнеше талаптардың қамтамасыз етілуі болып табылады:

1. Санитарлық қорғаныс алабының (СКД) сақталу мүмкіндігі;
2. Суды пайдалану бойынша рациональды шешімдерді қабылдау;
3. Су көздерін, топырақты және атмосфералық ауаны арнайы технологиялық процестерді есепке ала отырып, ағынды сулар мен өндірістік тастандылармен ластанудан қорғау.
4. Жұмысшыларды мақсатты түрде жайластыру мен оларды жұмыс орнына жеткізу.

Болашақ өндіріс кәсіпорны үшін дұрыс және рациональды жер учаскесін таңдауда санитарлық дәрігер алдын ала жоспарлау, алдыңғы жоба мен жобалық құжаттармен тиянақты танысу қажет.

Алдын ала жоспарлау құжаттары мыналардан тұрады:

- халық шаруашылығының және өнеркәсіп салаларының даму және орналастыру сызба нұсқасы;
- өндірістік күштердің экономикалық аудан бойынша даму және орналастыру сызба нұсқасы;
- өндірістік күштердің даму және орналастыруының бас сызба нұсқасы;
- тұрғын жердің және қала құрылысының бас жоспары;

Алдыңғы жоба құжаттары:

- күрделі зерзаттардың технико-экономикалық негіздеулері кішігірім зерзаттардың және жеке ғимараттар құрылыстарының технико-экономикалық есеп айыру құжаттары

Жер участкесін таңдау және бөлу кезеңіндегі санитарлық дәрігердің іс-әрекет алгоритмі

1. Санитарлық дәрігер жоғарыда келтірілген барлық материалдың ұсынылуын белсенді түрде талап етуі керек.
 2. Ұсынылған материалдардың толықтығын тексеру.
 3. Тиісті нормативтік-техникалық құжаттарды жинау.
 4. Ұсынылған материалдарды қарау.
 5. Бөлінген участкеге шығу.
- Қорытынды жазу.

СҚА дегеніміз өндірістік кәсіпорынның зияндылық көзінен тұрғын зонаға дейінгі территория.

Зиянды заттардың шығуы мен технологиялық процесс жағдайына байланысты, сонымен қатар атмосфераға шығатын зиянды тастандыларды тазарту шараларының жүргізілуін еске ала отырып, өндірістік кәсіпорындарға сәйкес 5 класқа белінеді. (СН 1.01.001.-94)

СҚА-ның көлемі кәсіпорынның класына байланысты тағайындалады:

I класс - 1000 м

II класс - 500 м

III класс - 300 м

IV класс - 100 м

V класс - 50 м

Санитарлық қорғау алабының көлемі келесі кәсіпорындарға белгіленеді:

- атмосфералық ауаға зиянды және ұнамсыз иіс шығаратын және қоршаған ортаны ластайтын көздері бар технологиялық процессті өндірістер.
- шу, діріл, ЭМӨ-ің т.б. факторлардың зиянды көздері бар мекемелер.

ЖЭС (жылу электр станциялары) өндірістік және өндірістердің түтін құбырларынан зиянды заттар шығарылатын өндірістер

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау орындарымен келісім бойынша жобалық-сметалық құжаттар келесі жағдайда қарастырылады:

1. Жобалық құжаттар күші бар санитарлық-гигиеналық нормалар, ережелер мен инструкция талаптарынан негізделген жеке ауытқулармен талқыланғанда;
2. Жобалық шешімде бекітілген санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормалар жоқ болғанда;

Жобалауға тапсырмамен бірге заказ беруші жобалау мекемелеріне мынадай құжаттар береді:

- құрылыс үшін таңдалған жер туралы бекітілген актпен бірге өнеркәсіп орналасқан жерлердің келісім материалы беріледі.
- әкімшілікпен жасалынған архитектуралық-жоспарлау тапсырмасы.

-жобаланған кәсіпорынның инженерлік торап пен коммуникация және т.б. қамтамасыз етілу көздеріне қосылуына техникалық жағдай тапсырылады.

-таңдалған жер участкесінің негізгі техникалық мәліметтері бар, участоктың құрылыс паспортын; салынған құрылыс туралы мәліметтер, жер асты және жер үсті құрылыстары, коммуникация және т.б. туралы мәліметтер беріледі.

-ерте жүргізілген инженерлік ізденістер материалы.

-тізімге алу материалдары, жарамсыз ғимараттар мен құрылыстарға, орнына төлеу түрінде және жарамсыздық туралы әкімшіліктің шешімі мен бағаланған акт тапсырылады.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары жобаны сараптау үшін құрылыс салатын мекеме өкілінен мынадай материалдарды алуы тиіс:

1. Жобаны қараудан хат-тапсырма

2. Жоба

3. Әкімшіліктің жер участкесін таңдау мен бөлу туралы қорытындысы, міндетті түрде СЭС-ның оң шешімі болу керек.

4. Зерзаттың барлық инженерлік тораптарға қосылуының техникалық жағдайы (рұқсаты)

5. Құрылысты ұйымдастыру жобасы

6. Құрылыстың календарлық жоспары

Жобаға санитарлық-гигиеналық сараптама жүргізу кезінде мынадай нормативтік құжаттар басшылыққа алынады:

1.«Өндірістік объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бұйрық №334

2."Өндірістік жабдыққа қойылатын гигиеналық талаптар және технологиялық процессті ұйымдастырудың санитарлық ережелері" 1.01.002.94

- "Өндірістік кәсіпорындардағы жасанды жарықтандыруға күнделікті және сақтық санитарлық қадағалауды өткізу" (әдістемелік ұсыныстар) 1.01.004.-94

"Өндірістік бөлмелердегі желдету жүйесіне санитарлық-гигиеналық бақылау" (әдістемелік ұсыныстар) 1.01.003.-94

Зерзаттың құрылысына, реконструкциясына және техникалық қайта жабдықтылуына санитарлық сақтық қадағалау жүргізу

Құрылыс және реконструкция кезеңіндегі сақтық санитарлық қадағалау дәрігер-гигиенист қызметінің маңызды және жауапты бөлігі болып табылады.

Бұл стадияда Мемлекеттік Санитарлық
Эпидемиологиялық Қадағалау (МСЭҚ)
органдарының бақылауының негізгі мақсаты
салынып жатқан зер заттың жобаға
сәйкестігін және санитарлық норма мен
ережелердің талаптары орындалып жатқаны
болып табылады

Салынып жатқан (реконструкцияланатын) зерзатты мына жұмыстар жүргізгенде тексерген дұрыс:

- фундаментін күйғанда немесе 1-ші қабаттың қабырғасын көтергенде;
- ғимараттың ішкі өңдеу жұмыстары басталғанда;
- санитарлық-техникалық және санитарлық-тұрмыстық қондырғыларды орнатқанда;
- ағынды суды тазарту және атмосфералық ауаға тасталатын қалдықтарды тазарту қондырғыларының құрылыс монтажды жұмыстары аяқталғанда

Салынып жатқан немесе реконструкцияланатын зерзатты тексергенде 2 экземплярда акт жазылады біреуі құрылыс әкімшілігіне (жобаның бас инженеріне), СЭС істерінде сақталады.

Актіде келесі мәліметтер болуы керек:

- Құрылыстың жалпы жағдайы, құрылыстың және технологиялық бөліктерінің, сондай-ақ санитарлық-техникалық бөліктерінің, сондай-ақ санитарлық-техникалық қондырғыларының жұмысының комплексгілігінің сипаттамасы;
- құрылыс-монтаж жұмысының жобаға сәйкестігі.СЭС келісілген. Барлық ауытқулар мен өзгерістердің себептері жазылып көрсетілуі керек.

Сонымен қатар жіберілген ауытқулар қандай санитарлық-гигиеналық мағнасы бар екенін және осы ауытқулардың жұмысшыларға, халыққа және қоршаған ортаға мүмкін деген зиянды әсерін болдырмау үшін қандай шаралар жасалуы қажет екені;

- табиғатты қорғау шаралары;
- құрылысшылардың еңбек жағдайы (құрылыс жұмыстарын механизациялау, еңбекті қорғау, ауыз суымен қамтамасыз ету, тамақтандыру);
- өндірістік мекеменің құрылысын жүзеге асырып отырған құрылыс ұйымдары жөніндегі мәлімет, оның ішінде жауапты адамдардың фамилиясы, қызметі болуы керек;
- мекеменің реконструкциясы кезінде құрылысшылардың денсаулығына цех ішілік жағдайлардың әсер ету мүмкіншілігі

Ешбір мекеме, өндіріс және басқа да зерзаттар пайдалануға қабылданбайды, егер:

- қауіпсіз еңбек жағдайы қамтамасыз етілмесе;
- ауа мен суды ластаудан қорғайтын және олардың зиянды әсерінен қорғайтын қондырғылармен қамтамасыз етілмесе;
- зиянды әсері бар, толық бітпеген, санитарлық-гигиеналық жағдайы мен қауіпсіздігін нашарлататын болса.

Пайдалануға жіберілмейтін жағдайлар:

- себілетін жүйелер, су қоймалары мен каналдары қаралған жобаның шараларын жүргізгенге дейін, ол суға батудан, батпақтанудың, жердің тұздалуының және топырақ эрозиясының алдын алады;

- суды реттеуші қондырғысы жоқ судағы бұрғылау скважиналары және т.б.

Дайын зерзаттарды пайдалануға қабылдау үшін үлкен сметалы құны бар ірі зер заттарға мемлекеттік қабылдау комиссиясы құрылады, ал кішігірім зерзаттар үшін мемлекеттік қабылдау комиссиясы құрылады. МҚК алдында жұмыс комиссиясы құрылады қабылдау үшін.

Тапсырыс беруші ұйымның бастығының бұйрығына сәйкес құрылған жұмысшы комиссиясының құрамына құрылыс жүргізушілердің өкілдері (комиссия председателі) бас мердігер, субмердігерлік ұйымдар, пайдаланатын ұйым өкілдері, бас жобалаушы, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары, өртке қарсы ұйым, экология және биоресурстар министрлігінің өкілдері, заказ беруші ұйымның кәсіпорын ұйымының өкілдері кіреді

Жоғарыда аталған комиссиялардың жұмысының маңызды кезеңі қажетті құжаттарды қарастыру болып табылады. Бас мердігердің жұмысшы комиссиясына тапсыратын құжаттары:

1. құрылыс-монтажды жұмыстарлы жүргізуге қатысқан ұйымдардың тізімі, орындаған жұмыстары мен жауапты адамдардың аты-жөні;

2. жобалау ұйымдары жасаған қабылдауға берілетін зер заттың жұмысшы сызба нұсқалары. Көрсетілген жұмысшы сызбалар орындаушы құжат.

3. құрылыста қолданған детальдар мен конструкциялардың, материалдардың сапасын көрсететін құжаттар, техникалық паспорттары, сертификаттары;

4. жасырын жұмыстарды куәлендіретін актілер және жеке жауапты конструкцияларды аралық қабылдауы жөніндегі актілер;

5. ремонтталған қондырғылардың сынама актісі, ыстық және суық сумен қамтамасыз етудің ішкі жүйесін, канализация, газбен қамтамасыз ету, жылыту және желдетуді, сумен қамтамасыз етудің сыртқы жүйесін, технологиялық құбырларды сынау актілері, жобаға сәйкес инженерлік коммуникацияларды ғимараттың сыртқы қабырғасының жер асты бөлігі арқылы кіретін және шығатын жерлердің тығыздалуының орындалуының актісі:

6. ішкі және сыртқы электро қондырғылар мен электр торларына сынама жүргізу актісі;

7. телефон, радио, теледидар, сигналдау мен автоматтау қондырғыларына сынама жүргізу актісі;

8. жобалау ұйымдарының авторлық қадағалау және жұмыстарының орындау журналы, құрылыс барысында қадағалау органдарының тексеру және зерттеу материалдарын тіркеу журналы;

9. жұмысшы комиссиялары анықтаған кемшіліктерді жою жөніндегі анықтама;

10. жұмысшы комиссиясымен құрастырылған өндірістік қондырғылар мен коммуникациялар, құрылымдар мен ғимараттарды қабылдау актілері;

11. көмекші өндіріске жататын құрылымда және жалғастырылып салынған, және салынған ғимараттарға жұмысшы комиссиясының жазған актісі;
12. жобалық-сметалық құжаттар;
13. жер учаскесін бөлу жөніндегі құжаттар;
14. геологиялық ізденістер жайлы құжаттар;
15. құрастырылған қондырғылардың паспорты;
16. жоба қорытындысында жазылған ескертулердің орындалуы туралы мәлімет.